

ДИАЛОГ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Есмагамбетова Ляззат Сейтахметовна
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі

Саран қаласы әкімдігінің «Саран қаласының білім бөлімі» ММ№4

Оқушылардың тілін дамыту белгілі бір жүйемен үздіксіз жүргізіліп, оларды жүйелі сөйлеуге дағдыландыру кешенді жұмыстар мен жаттығулар негізінде ұйымдастырылса, оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы күтілетін білім нәтижелері оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын дамытуға негізделсе, онда оқушылардың тілін дамытудың, сөздік қорын байытудың нәтижесі мен мүмкіндігі арта түседі. Бастауыш сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдысын I сыныптан бастап қалыптастырса, онда оқушы келешекте қоғамдық-әлеуметтік ортада ойын еркін жеткізуге, әдеби нормада жүйелі, шебер сөйлеуге дағдыланады. Кіші жастағы балалардың, ең алдымен, ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру қажет. Себебі, олардың сөйлеу әрекеті мектеп табалдырығын аттағаннан бастап қалыптаса бастайды.

Бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу әрекетін қалыптастыру мәселесінің зерттелу жайы қарастырылған. Ең алғаш баланың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруымыз қажет. Себебі, бала байланыстырып сөйлеуді үш тілдік ортада үйренеді: отбасы, балабақша, мектеп. Байланыстырып сөйлеу - белгілі бір ойды нақты түрде жеткізу және адамдардың өзара түсінісуі. Бастауыш мектепте ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру жұмысы төмендегідей мақсаттарды көздейді:

Оқушылардың ойлау қабілеттері мен тілін, дүниетанымын дамыту, әр нәрсені салыстыра талдау.

Оқушыларды сөздерді мағыналарына қарай орынды қолдануға, ойын анық та түсінікті жеткізуге үйрету. Яғни, дұрыс сөйлеуге үйрету.

Оқушыларға қазақ тілін сүйеге, оның нәзік сөз байлығын қолдана білуге және оны сезініп, құрметтей білуге тәрбиелеу.

Қоғамдағы қарым-қатынас ауызша сөйлеу немесе жазбаша тілдесу арқылы жүреді. Ауызша сөйлеу тілі — күнделікті тұрмыста қолданылатын, бетпе-бет көріп отырған екі немесе одан да көп адамдардың бір-бірімен сөйлесуі, пікір алысуы.

Диалогтік тілдесім барысында оқушылар жұп болып та, топ болып та, ұжым болып та бір-бірімен тілдік қарым-қатынасқа түседі. Бұл-диалогтік сөйлеудің өзіндік белгілері. Диалогтік оқыту амал-тәсілі оқушыларды сөйлеуге, белсенділікке, өзара пікір алысуға итермелейді.

Бастауыш сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдылары мынадай технологиялар арқылы қалыптастыру ұтымды екені тәжірибе жүзінде дәлелденді. Атап өтетін болсақ, олар:

Диалогтік оқыту технологиясы;

Ойын технологиясы;

Пікірталас технологиясы.

Диалогтік оқыту технологиясы — оқушылар мен мұғалімнің шешімді бірге іздеуін, оқыту процесінде өзара белсенді тілдік қатынаста болуын, бір-бірінің пікірін, ойын, көзқарасын сыйлауды, құрметтеуді қажет ететін жаңа инновациялық амал-тәсіл.

Іскерлік ойындар — оқушылардың сөйлеу қабілеттерін жетілдіретін, дамытатын тиімді тәсіл. Сабақ барысында іскерлік ойындарды қолдану арқылы оқушыларға сөйлеу үлгілері, сөйлесудің әдеби нормалары меңгертіледі.

Ауызекі сөйлеу диалогінің стилистикасы өте бай, себебі, ол мәселе эмоциямен, экспрессиямен байланысты: диалогтің осы түрінің (ауызекі стиль) стиларалық екенімен байланысты. Бастауыш сынып оқушыларына сәлемдесу, әңгімелесу, үлкендермен және жолдастарымен сөйлесу кезінде сыпайы, анық, таза, дәл және мәдениетті сөйлеуді меңгерту қажет. Әңгімелесушілердің ізетпен, бір-біріне құрметпен, көңілге келер сөздерді ауызға алмай, тәрбие шеңберінен шықпай сөйлесуі әдептіліктің белгісі болса, тыңдаушының сөзді бөлмей, ынта қойып, аяғына дейін тыңдай білуі де — мәдениеттілік.

Балаларды сөйлеу мәдениетіне төселдіруді әсіресе мектеп жағдайында қолға алу үшін

мұғалімге төмендегідей жұмыстарды жүргізуге болады:

1. Оқушылардың жеке дыбыстарды, буындарды, сөздерді, фонетикалық, лексикалық жағынан дұрыс жаза айта алуына, қазақ тілінің грамматикасын саналы меңгерумен қатар практика жүзінде қолдана білуіне ерекше қамқорлық жасау қажет;
2. Мұғалімдер өз сыныбындағы оқушылардың ана тілімен қатар, орыс тіліндегі белсенді сөздік қорының шамасын біліп, олардың екі тілде дұрыс сөйлей алуына көңіл бөлуі тиіс;
3. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін тәрбиелеу — оқу-тәрбие процесінде көзделетін негізгі міндеттердің бірі. Өйткені сөйлеу мәдениеті — мәдениеттіліктің басты белгісі. Оқушыларды сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу түрлі әдістер арқылы жүзеге асып отырады. Мысалы, оларды өз ана тілін қадір тұтып, құрметтей білуге тәрбиелеу — сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеудің бір элементі.

Сабақ-оқытудың барлық кезеңінде мұғалім мен баланың бірлесіп істейтін тиімді әдістерінің жүйесі. Мұғалім оқытудың әдістері мен тәсілдерін шебер меңгеруі арқылы, қазақ тілін оқытуда оқушыларға тиянақты, сапалы білім беруге болады. Өзімнің тәжірибемде оқыту барысында алдыма қойған мақсатым-баланы субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның басты оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесе әрекет ету. Мен жасаған сабақтарда туған тіл болып есептелмейтін орыс тілі мен шет тілдерін қолданатын коммуникативті-әрекеттік әдісті сабақта қолдану жүзеге асырылған. Сабақтың тақырыбы менің проблемалық тақырыбыммен тығыз байланысты. «Қазақ тілі сабағында әңгімелесу мен ауызекі сөйлеуді дамыту».

Сабақ жүргізудегі негізгі әдістің материалдары мыналар:

- ерекше ұйымдастыруды қамтамасыз ететін — жоғарғы интенсивті сабақ-ойындар, ұжымдағы жұмыс түрін қолдану (сөйлесу ойыны);
- өткен сабақ материалдарын бекіту мен сөйлесуге ынта беретін көрнекті құралдың есту мен көру түрін қолдануға ерекше мән беру.

Осы сабақты жасауда мен көптеген коммуникативті бағыт беретін оқулықтар мен оқу құралдарына сүйендім. Тілді үйрету ісінде оқушы тілін дамыту жұмыстарын ұйымдастырғанда, жаттығулардың атқаратын қызметі зор, сондықтан әрбір сабақ мыналардан тұрады:

-сабақ жөніндегі сөздіктен, фонетика жаттығуынан, қайталау жаттығуынан, грамматикалық түсіндірмеден, лексикограмматикалық жаттығудан, оқитын және аударылатын мәтіннен, сөйлесу жаттығуынан, оқытушының бақылауы мен оқушылардың өз-өздерін тексеруге арналған «өзінді тексер» жаттығуынан. «Мына жағдайларды ойын түрінде көрсетіңіз» жаттығуын орындау барысында, оқушылар бұны қолданумен грамматикатүрлерін меңгеріп, жаттығады. Түрлі жағдайларды ойнау жаттығуын орындауда (бұл өте қажет) тірек ретінде сабақ бойынша сөздік, сабақтың грамматикалық кестесі қолданылады. Оларды үнемі өзімен бірге ұстаулары қажет. Сабақта үнемі сөйлесулер қолданылады. Бұл жаттығуларды қолдану лексикограмматикалық материалдарды белсенді түрде бекітуге арналады және сөйлесетін адамдармен жай ғана «сөйлесу» емес, сонымен қатар дағдыларын автоматтандыруға көмектеседі. Сабақта тілдік, даярлық, сөйлесу жаттығулары беріледі. Сөйлеу жаттығулары тілдік жаттығуларда меңгерген тілдік материалды керек кезінде айтылған ойға байланысты оқушы орынды қолдана алатын болуын көздейді. Ол қарым-қатынас жасауға бағытталады. Сұраққа дұрыс жауап беру, сұрақ қоя білу, сөйлем үлгілерін дұрыс пайдалана білу. Мен «Жаңа технологиялар бойынша ойын элементтерін қолдану арқылы оқушыларды ауызекі сөйлеуге үйрету» мәселесі бойынша жұмыс істеймін.

Қолданған әдебиеттер тізімі:

Қазақ тілі мен әдебиеті, № 7-8-2005ж.

Қазақ тілі мен әдебиеті, № 3-4-1999ж

Казахский язык и литература в русской школе, №5, №1-2003 г

Қазақ тілі мен әдебиеті, № 2-2007ж.